

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**BULLETIN**

of the L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

**PHILOLOGY** Series

**№1 (122) / 2018**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргүл	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.  
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген І.Р. Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 40 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Эзербайжан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсенбаева Жанаргуль	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408  
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка И.Р. Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**  
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.  
Периодичность: 4 раза в год  
Тираж: 40 экземпляров  
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisenbayeva Zhanargul	Can. of philology, assos. Prof (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantaj	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: I.R. Kurmangalyev

**Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan  
Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 40 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

## Мазмұны

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Интертекстуалдылық теориясы мен прецедентті құбылыс арасындағы байланыс .....	8
<i>Аймолдина Ә.А.</i> Искерлік дискурс зерттеудің әлеуметтік және когнитивтік аспектіліктерінің қатынастары .....	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нұртазина М.Б.</i> Тіл ғылымындағы қазіргі заманғы үрдістер: ғылыми зерттеулердің векторлары .....	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Лексикалық құзыреттілікті қалыптастыруда ағылшын тілі сабағында ой-талқыларды қолдану .....	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романындағы иіс-жады ұстанымдарының көркемдік ерекшелігі .....	37
<i>Жұмсақбаев А.Т.</i> Джон Толкиеннің «Сақиналардың патшасы» трилогиясының жанрлық құбылысы .....	46
<i>Жұматаев Е.</i> Әдеби тіл мен әлеуметтік желі: тіл бәсекелестігі мен әдеби тілдің қазіргі сипаты .....	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы фразеологизмдерді аударудың ерекшеліктері .....	58
<i>Қадысқызы А., Хасенова Р.Т., Құлахметова Ж.Т.</i> Қазақстандағы оралмандар және олардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі .....	64
<i>Қасымова Ә.Ә.</i> Қазақ және түрік тілдеріндегі қоштасу этикетіне қатысты қалып сөздердің лингво-мәдени сипаты .....	71
<i>Латанова Р.У., Заркешева А.Е., Хамитова А.Ф.</i> Қазақстандық жоғары оқу орындары студенттеріне ағылшын тілін үйретуде Action Research әдісін енгізу жолы .....	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенғалиева А.М.</i> Бір буынды түбір етістіктің «қыпшақтық» корпусындағы вокализм жүйесінде салыстырмалы сипаттамасы ..	81
<i>Матбек Н.Қ., Садықова Р.К.</i> Ноғай әдеби тілінің қалыптасуы .....	88
<i>Мырзағалиева Т.Е., Шәріпова Г.А.</i> Құран поэтологиясындағы орыс универсумы ..	95
<i>Нұртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Білім берудегі «Polycultural World» жүйесін қамтамасыз етуге арналған кәсіби лингвистика .....	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Онкологиялық терминдерді талдау және аудару .....	112
<i>Өтелбай Г. Т.</i> «Кемпіркосақ» баламасының туыс және шет тілдердегі ұқсастығы мен ерекшелігі .....	119
<i>Садықова А. Т., Қабдырашева Б. Н.</i> І. Есенберлин шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі .....	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Кейбір этноатаулардың ақпараттық уәжі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары негізінде) .....	132
<i>Сәдуақасұлы Ж., Махамбетова А.</i> Қазақ тіл білімінде лепті сөйлемдердің зерттелу жайы .....	138
<i>Симбаева С.О., Қайыпбаева М. М.</i> Тілді аудармасыз оқыту және тілдің фонетикалық интерпритациясы .....	143
<i>Шәріпова Г.А.</i> Исламдық мәдени универсиумы .....	147
<i>Шәріп А.Ж.</i> Хүсейін Жавид және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясы: рухани ізденістер мен көркемдік ерекшеліктер .....	151
<i>Шоқабаетова С.С.</i> Сөзжасамның фонетикамен байланысы туралы .....	162

## Содержание

<i>Абдыханова Б.А., Нергиз Бирай</i> Взаимосвязь прецедентных текстов и интертекстуальности .....	8
<i>Аймолдина А.А.</i> Взаимосвязь социальных и когнитивных аспектов изучения делового дискурса .....	14
<i>Алефиренко Н.Ф., Нуртазина М.Б.</i> Современные тенденции в науке о языке: векторы научного поиска .....	20
<i>Гауриева Г.М., Кадырова Е.Б.</i> Использование мозгового штурма для формирования лексической компетентности на уроках английского языка .....	32
<i>Жапанова М.Е.</i> Художественные особенности памяти запаха в романе Абдижамиля Нурпеисова «Кровь и пот» .....	37
<i>Жумсакбаев А.Т.</i> Жанровая феноменальность трилогии Джона Толкиена «Властелин колец» .....	46
<i>Жуматаев Е.</i> Литературный язык и социальные сети: конкурентоспособность и современность казахского языка .....	50
<i>Зилинька М.Н.</i> Особенности перевода фразеологизмов в произведениях Чингиза Айтматова .....	58
<i>Кадыскызы А., Хасенова Р.Т., Кулахметова Ж.Т.</i> Оралманы в Казахстане и их социально-культурная адаптация .....	64
<i>Касымова А.А.</i> Лингво-культурологический анализ лингвистических единиц, связанных с этикой прощания казахского и турецкого языков .....	71
<i>Латанова Р.У., Заркешева А., Хамитова А.Г.</i> Пути внедрения Action Research в обучении английскому языку студентов высших учебных заведений в Казахстане.....	76
<i>Мейрамбекова Л.К., Сейтова Ш.Б., Есенгалиева А.М.</i> Сравнительно-сопоставительная характеристика односложных глаголов в системе вокализма языков кипчакской группы .....	81
<i>Матбек Н.К., Садыкова Р.К.</i> Формирование ногайского литературного языка.....	88
<i>Мурзагалиева Т.Е., Шарипова Г.А.</i> Русский универсум коранической поэтологии.....	95
<i>Нуртазина М.Б., Амрина З.Ж.</i> Polycultural World: Компетентный подход в профессиональной лингвистике для образования .....	105
<i>Оразбаева Э.С.</i> Анализ и перевод онкологических терминов .....	112
<i>Отелбай Г. Т.</i> Аналогия и особенность эквивалента «Кемпірқосак» у родственных и иностранных языков .....	119
<i>Садыкова А.Т., Кабдырашева Б.Н.</i> Образ исторических личностей в творчестве И.Есенберлина .....	125
<i>Сейтова Ш.Б.</i> Информационное содержание некоторых этнонаименований .....	132
<i>Садуакасулы Ж., Махамбетова А.</i> Обстоятельства исследования восклицательных предложений казахского языка .....	138
<i>Симбаева С., Кайытбаева М.М.</i> Обучение языка без перевода и фонетическая интерпретация языка .....	143
<i>Шарипова Г.А.</i> Исламский универсум культуры .....	147
<i>Шарип А.Ж.</i> Гусейн Джавид и казахская поэзия начала XX века: духовные искания и художественные особенности .....	151
<i>Шокабаева С.С.</i> О связи словообразования с фонетикой .....	162

## Contents

<b><i>Abdyhanova B.A., Nergiz Biraj</i></b> Interrelation of precedent texts and intertextuality .....	8
<b><i>Aimoldina A.A.</i></b> Interconnection of Social and Cognitive Aspects in Business Discourse Studying .....	14
<b><i>Alefrenko N.F., Nurtazina M.B.</i></b> Modern trends in the science of language: vectors of scientific research .....	20
<b><i>Gauriyeva G.M., Kadyrova Ye.B.</i></b> Use of brainstorming for the formation of lexical competence in English class .....	32
<b><i>Japanova M.E.</i></b> Artistic features of the memory of the smell in the novel «Blood and Sweat» by Abdizhamil Nurpeisov .....	37
<b><i>Zhumsakbayev A.T.</i></b> Genre's phenomenon of John Tolkien's trilogy «The Lord of the Rings» .....	46
<b><i>Zhumataev E.</i></b> Analysis of the translation into the Kazakh language interjections in the piece .....	50
<b><i>Zilinka M.N.</i></b> The peculiarities of phraseological units translation in book's of Chingiz Aitmatov .....	58
<b><i>Kadyskyzy A., Khasenovna R. T., Kulakhmetova Zh.T.</i></b> Oralman in Kazakhstan and their Socio-Cultural Adaptation .....	64
<b><i>Kasymova A.A.</i></b> Linguistic and Cultural Analysis of Linguistic Units Associated with Ethics of Farewell to Kazakh and Turkish Languages .....	71
<b><i>Latanova R.U., Zarkesheva A.E., Khamitova A.G.</i></b> The ways of planning action research in teaching english for students in higher schools of Kazakhstan .....	76
<b><i>Meirambekova L.K., Seiitova Sh. B., Esengaliyeva A.M.</i></b> Comparative characteristic of monosyllabic verbs in the vocalism system of the languages of the Kipchak group .....	81
<b><i>Matbek N.K., Sadykova R.K.</i></b> Formation of Nogai literary language .....	88
<b><i>Murzagaliyeva T.E. , Sharipova G.A.</i></b> Russian Universum of Quranic Poetology.....	95
<b><i>Nurtazina M.B., Amrina Z.Zh.</i></b> Polycultural World: a competent approach in professional Linguistic for education .....	105
<b><i>Orazbayeva E.S.</i></b> Analysis and translation of cancer terms .....	112
<b><i>Otelbay G. T.</i></b> The analogy and peculiarity of the «Кемпірқосақ» alternative in relatives and foreign languages .....	119
<b><i>Sadykova A.T., Kabdyrasheva B.N.</i></b> The image of historical personalities in the creative work of I.Esenberlin .....	125
<b><i>Seiitova Sh. B.</i></b> Informational motives of some ethnonyms .....	132
<b><i>Saduakasuly Zh., Makhambetova A.</i></b> The study of exclamatory sentences of the kazakh language .....	138
<b><i>Simbaeva S.O. Kaiypbayeva M. M.</i></b> Phonetic interpretation of the language without translation .....	143
<b><i>Sharipova G.A.</i></b> Islamic Universum of Culture .....	147
<b><i>Sharip A.Zh.</i></b> Hussain Jawid and Kazakh poetry of early 20th century: spiritual quest and artistic features .....	151
<b><i>Shokabayeva S.</i></b> Connection of word-formation with phones .....	162

5 Gharsa M. Argeg. The Problems of Translating Medical Terms from English into Arabic. -Durham university: Argeg, Garsa, Mousbah, 2015. P. 60.

6 Komissarov V.N. Sovremennoe perevodovedenie [Sovereignty perevodovedenie] (EHTS, Moskva, 2001. P. 159). [in Russian]

7 Francisco Contreras, Daniel E. Kennedy. 20 Natural, Spiritual, & Medical Remedies that can slow—and even reverse—cancer’s progression (Siloam, A Strang Company, Florida, 2017. P. 8).

8 Komissarov V.N. Teoriya perevoda [Theory of translation] (СHeRo, Moskva, 1999. P. 89).

9 Komissarov V.N. Teoriya perevoda (lingvisticheskie aspekty). [Theory of translation (linguistic aspect)] (Vyssh. shk., Moskva, 1990. P. 211). [in Russian]

#### **Автор туралы мәлімет:**

*Оразбаева Э.С.* - «ҚазГЮУ» университетінің «Аударма ісі» мамандығы, II курс магистрі.

*Orazbayeva E.S.* - JSC KazGUU University, 2-nd year master student.

FTAMP 16. 21. 21.

#### **Г. Т. Өтелбай**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

*(E-mail: o.gulbaira.t@mail.ru)*

#### **«Кемпірқосақ» баламасының туыс және шет тілдердегі ұқсастығы мен ерекшелігі**

**Андатпа.** Қазақ тілінің сөздік қоры ерекше мағына беретін сөздер мен мифтік-танымдық атауларға бай. Тіліміздегі мұндай сөздердің этимологиясы, пайда болу тарихы ғылыми тұрғыдан біршама зерттелсе де, дереккөздердің, болжамдардың аздығынан және қолжетімсіздігінен қарапайым халықтың қабылдауына ауыр немесе екі ұшты ой туғызатын жайттар да аз емес. Қазір кез келген атаудың мағынасын түсінуге қызыққан оқырман интернет иірімдерінен мол дерек ала алады. Орта, арнайы, жоғары білім жүйесінде берілген тапсырмаға байланысты білім алушы дайын ақпаратты тікелей қабылдап, түпкі мағынаға бара бермейді.

Салыстырмалы түрде қазаққа жақын, туыс тілдер – ноғай, қарақалпақ, құмық, қарашай, өзбек, татар тілдері болса, бұлардағы “кемпірқосақ” нұсқаларын салыстырсақ, онда түпкі мағынаға жақын ой түйінделеді. Қорыта айтқанда, кемпірқосақтың тек-тамыры бізден тіпті бөлек тілдердегі баламасын қарастырсақ, олардың мағынасы да түркі тілдерімен өте ұқсас болып шығады.

**Түйін сөздер:** кемпірқосақ, der Regenbogen, Rainbow, arc en ciel, радуга, йэйфор, жез кемпирдинкөгөөнү, হাসан-һүсэн, gökkuşağı, ebem kuşağı, reygamber kuşağı, әшекей, кемер, садақ, күмбез, белбеу, жебе, доға, көген

**Кіріспе.** Ұлт ұғымын, таным-түсінігін құрайтын атауларға байланысты материалдарды ұсынарда, жауапты ғылыми орындардан шыққан сөздіктерге, білікті мамандардың комментарийлеріне сілтеме жасау міндетті болуы тиіс.

Соңғы уақытта қазақтың «кемпірқосақ» сөзіне (этимологиясына, мифтік баянына, түрлі нұсқаларына) қызығушылық байқалады. Қазақ тіл білімінде де туыстас түркітілдес халықтар тілімен байланысы тереңдеп зерттелу жаңа ағымға түсе бастады.

**Зерттелуі.** Кеңес дәуірінің этнографы, археолог Б.А. Куфтин еңбегінде «кемпірқосақ» сөзіне қатысты мынадай аңыз келтіріледі: «Баяғыда бір мыстан кемпір болыпты-мыс. Оның қызыл, жасыл, сары, түрлі-түсті қойлары болған екен. Мыстан кемпір жаңбырдан соң қызыл, жасыл, сары қойларын қосақтап сауады екен» [1]. Зерттеуші осы аңызды халық аузынан (қайсыбір өңірден) жазып алғаны сөзсіз. Әрине, ғылым аңызды дерек көзі ретінде



қарамайды. Сондықтан, «...ғылымда бұл сияқты жорамалды «халықтық этимология» дейді. Оның дұрысынан бұрысы молырақ болатындықтан, таза тілдік деректерге сүйенген жөн» [2].

Сөз, сөз тіркесі, атаулар, терминдер туралы ойлар мен тұжырымдар тілдік зерттеулер арқылы зерделенеді. Ал егер мәліметтер ғылыми еңбектерге негіз бола алатын өзге де дереккөздерден алынса, онда оқырманға қалай түсіндіреміз?

Мәселен, «мифтік түсінік бойынша жаңбыр, найзағай Баба құдайдың Ана құдайменен немесе Көк тәңірінің Ұмай анамен қосылуынан пайда болады. Осы қосақтасудан соң жаңбыр төгіліп, әлем жаймашуақ нұрға бөленеді.

Матриархат пен патриархаттың үйлесімді кезеңінде кемпір ұғымында жағымсыз мән болмаған. Кейіннен бұл үйлесім бұзылып, патриархаттық идеология үстемдік құрған соң, ескі идеологияны санадан ығыстырумен байланысты кемпірдің мыстан кемпір, жалмауыз кемпір тәрізді жағымсыз мифтік образдары пайда болған» делінеді «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда [1]. Бұл – этнография ғылымның түсіндірмесі. Ал осы ғылым иелері «кемпірқосақтың» тілдік ғылыми негіздеріне табан тіресе, көп ұтар еді. Себебі, тілдік ақпаратта, күнделікті қолданыста, тілдік мазмұнда сан ғылымның түйіскен ақиқатын табуға болады.

**Зерттеу мақсаты.** Кейбір түркі тілдерінде «кемпірқосақтың» сол тілдегі баламасына қарапайым ғана түсініктеме беріледі. Башқұрттың тілші-ғалымы Г.Р. Абдуллина «Усечение производящей основы как регулярное морфонологическое явление в словообразовательной системе башкирского языка» атты мақаласында табиғат құбылысынан туындайтын осы аталымның түбірі мен қосымшасына қарай туатын сөзжасам тәсілін былайша зерделейді: «Известно, что при словосложении наблюдалась и в более ранние периоды истории развития башкирского языка: кузғалак 'щавель' < кузы колак досл. 'ухо овна\ ягненка', ярғанат 'летучая мышь' < яры канат досл. 'перепончатые крылья', умырзая 'первоцвет' < ғүмере зая досл. ' (его) жизнь (прожитая) зря', Оморзак антроп. 'Умурзак' < ғүмере озак досл. ' (его) жизнь долгая', беләзек 'браслет' < беләк йөзөгө досл. 'перстень для руки', йәйғор 'радуга' < йәй коро досл. 'время \пора\ лета'» [3, 8]. Демек, башқұрт тіліндегі «йәйғор» - көктем мен жаз маусымының арасында болатын табиғат құбылысының атауы.

**Негізгі бөлім.** Қазақ тілі заңдылығымен айтсақ, «жайғұр» болып шығады. Ағайын тілдің біртұтастығы да осында: «жай» деп бізде найзағайды атайды немесе «жай» - орын, тұрақ мағынасында. Сондай-ақ байырғы «-ғұр/ғыр» жұрнағы да бізде көптеп табылады.

Басқа түркі тілдерінде де кемпірқосақ туралы аңыздар аз кездеспесе керек. Мысалы, орысша-қырғызша сөздікте: «РАДУГА - жаа (асмандағы жаа; жез кемпирдинкөгөөнү; асанүсөн); отливать всеми цветами радуги нечәнтүрдүү болуп к^булжуп, кулпунуп туру» [4] деп қызық түсініктеме берген.

Егер осы сөздердің әрқайсына тоқталар болсақ, алуан түрлі мағынаға куә боламыз. Қырғыз тілшілерінің айтуынша, «асмандағы жаа» тіркесіндегі «жаа» – «дождь» яғни аспандағы жауын, ал «жез кемпирдин көгөөнү» тіркесіндегі «көгөөн» – «овцевязь», «жез кемпірдің көгені» деген мәнде «асанүсөн» – радуга. Осы баламаларды ұсынған қырғызша-орысша сөздікте «радуга - күндүн жебеси – стрела (күннің жебесі), көк желе – синий паук (өрмекші)» деген нұсқа да бар [5]. Қарап отырсақ, «күннің атқан жебесі», «көктегі өрмекші жібі» секілді ұғымдарды меңзейді.

Қырғыздың «Асан-Үсеніне» келсек, бұл - шығыс халықтарының көбісіне ортақ Хасан мен Хусейн мотивінен туындайды (екеуі – Мұхаммед пайғамбардың жиені, Фатима мен Әли шадиярдан туған, дін жолында Кербаланың шөлінде шейіт болған батыр тұлғалар саналады). Бір есте болатын факті: арғы тегі Шығыс Түркістан ұйғырлары да кемпірқосақты «хасән-хүсейін» дейді. Оған орысша-ұйғырша сөздіктегі келесі мысалдар дәлел: «О чём нам должна напоминать радуга? – Һасан-Һүсәнни көргинимиздә, у немини есимизға салиду?», «А ты видел когда-нибудь радугу? – Сиз Һасан-Һүсәнни көрүп бакқанму?» [6].

Келесі қос тілді орысша-қырғызша сөздікте «радуга»-ны «күндүн кулагы» [7] деп аударады. Бұл түсінік кемпіркосақтың доғалданған құлақ тәрізді формасына сай шықса керек. Ал «жез кемпирдин көгөөнү» – *мыстан кемпірдің көгені* мәнінде айтылған. Бұл нұсқа жоғарыда айтылған ана тіліміздегі кемпір туралы аңызға сай келеді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «КӨГЕН. Қой, қозы-лақтарды мойындарынан тізбектеп, желі арқанға қатарлап байлайтын бұршақтар (бір ұшы ілмекті, бір ұшы түйілген бау жіптер) тізбегі. Қысқа жіптер тағылған, ұшы түйілген ұзын арқан» [8, 403] делінген.

Жоғарыдағы «арқан», «жіп», «бау» секілді мәндес сөздер қатарына кемпіркосақтың түрік тіліндегі «gökkuşağı» (радуга, разноцветная дугообразная полоса на небесном своде), «ebem kuşağı» (радуга), «reygamber kuşağı» [9] деген 3 нұсқасының да қатысы бар болып шығады. Осы жердегі «көкқұшағы» - аспан және құшақ дегеннен, «ебекұшағы» - кемпір (ебе – бірнеше түркі тілінде «кемпір») және құшақ дегеннен, «пайғамбар құшағы» - пайғамбар және құшақ дегеннен тұратыны түсінікті.

Түрікше-орысша онлайн-аудармашы «gökkuşağı – радуга» деп айқындайды. Бізше, бейнелі айтсақ, аспан құшағы. «Gök» – көк, аспан, «kuşak» – құшақ, белбеу. Бүгінгі Түркия түріктері «kuşak» деп спорт саласындағы «белбеу»-ді (пояс) атайды. Яғни каратэ секілді спорт санатын көрсетуде «қара белбеу», «сары белбеу» т.б. қолданады екен.

Ал «kuşak»-тың электрондық сөздіктегі «поколение» деген тәржімесіне келсек, мұны біздің кейінгі «буын» деген сөз-ұғымымызбен қатар аналогия жүргізуге болады. Әр заманның бейнелі сөзінен, мысалы, қырғыздың «күндүн кулагы» шықса, түрікте «аспан немесе көк ұрпағы» пайда болуы да мүмкін. Түрікше «kuşak» орыс тілінде – «слой», «зона», «полоса», «род» мағына беретіні көрсетілген [9]. Ең қызығы, түрік тілінен орыс тіліне кірме сөз ретінде енген «кушак» қазақшаға аударғанда «бау», «мата белбеу» мағынасына ие.

Енді кемпіркосақтың «gökkuşağı» нұсқасына синоним боп келетін «ebem kuşağı» сөзіне талдау жасасақ, сөздікте «ебе» - повитуха [9], яғни кіндік шеше, ана. Демек, ол «ана құшағы» немесе «кіндік шеше белбеуі» деген мағына береді.

Ал «reygamber kuşağı» баламасы туралы қызық деректерді кездестіреміз. Бұл тіркеске қатысты түрікше-орысша аудармалар қорында мынадай сөйлемдер сақталыпты. Мәселен, «reygamber kuşağı» - радуга [9]:

түрікше	орысша	қазақша
Yahya, kendisini önceden temsil eden İlya reygamberinyaptığı gibi, deve tüyünden bir kıyafet giyip, beline deriden bir kuşak bağlıyordu.	Иоанн носил одежду из верблюжьего волоса и кожаный пояс на бедрах, тем самым напоминая своего предвестника — пророка Илию.	Яхия түйе жүннен киім киіп, беліне былғары белбеу тақты және сол келбетімен өзінен бұрынғы Ілияс пайғамбарды еске түсірді
İlya reygamberin kendine has bir kıyafeti vardı. “Giysisi hayvan postundandı, belinde de deri kuşak vardı” diye tarif edildiğinde insanlar onun kim olduğunu hemen anlardı.	Пророк Илья так отличался от других своей одеждой, что люди могли легко определить, что речь идет о нем, услышав слова: «На нем была волосяная одежда и кожаный пояс на бедрах».	«Оның үстінде жүннен тоқылған киім мен белінде былғары белбеу болған» деген сөзді естігенде жұрт әңгіме басқалардан оңай ажырататын киімімен ерекшеленетін Ілияс пайғамбар туралы екенін білетін

<p>Sonradan, peygamber Hezekiel aracılığıyla onlara şunu hatırlatır: «Sana renk renk işlemeli esvap giydirdim, ve ayağına yunusbalığı derisinden çarık giydirdim, ve beline ince keten kuşak bağladım, ve sana ipekler giydirdim.»</p>	<p>«[Я] надел на тебя узорчатое платье, и обул тебя в сафьянные сандалии, и опоясал тебя виссоном, и покрыл тебя шелковым покрывалом»,— напоминает им позднее ... через пророка Иезекиля</p>	<p>«Мен саған өрнекті көйлек, шыныдан аяқ киім кигіздім және жеңіл белбеу тағып, үстіңе жібек жабу жаптым», - деп ... кейінірек Хезекиел пайғамбар арқылы олардың есіне салады.</p>
--	--	---

Кестедегі мысалдарынан ұққанымыздай, түрік тіліндегі кемпіркосақтың «peygamber kuşağı» деген аудармасы «пайғамбар белбеуі» мағынасын береді.

Біраз ғылыми деректерге көз жүгірткен соң, «біріккен сөзден тұратын «кемпірко-сақ» мағыналас қос сөз емес пе?» деген сұрақ туады. Сөздің екінші жартысындағы «қо-сақ» - түрікше «kuşak», белбеу десек, араб тілінде -«әшекей». «...Иран тіліндегі «күмбез» мағынасын беретін «кемер» араб тілінің «кузах» сөзінің алдында тұрып, тіркес құрып, сол күйінде («кемер кузах») қазақтарға ауысып, дыбыстық өзгерістерге ұшырай отырып, «кемпіркосақ» қалпына дейін жеткен.

**Сөйтіп, «кемпіркосақ» сөзінің нағыз қазақша мағынасы - «әшекейлі күмбез».** Бұл жерде сөздердің орын ауыстыруы да болған (кемер/ кемпір - күмбез, қосақ – әшекей/ әшекейлі)» [2] деген де тұжырым бар. Егер «кемпір» парсыша «кемер» мағынасындағы «күмбез» болса, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» еңбегіндегі «КЕМЕР: кемер белбеу – жағалы киімдердің сыртынан буынатын, өрнек-нақышпен бедерленген әсем, жалпақ, былғары белбеу» [8, 382] деген тұжырымнан не ой түйеміз?

Түркияның Анталия өңірінде табиғаты тамаша «Кемер» деген жер бар. Туристер үшін қолайлы осы мекен атауының пайда болу тарихы да белбеуге байланысты: «Вплоть до 1910 года Кемер представлял собой небольшое поселение и носил название Эскикёй (тур. Eskiköy — букв. «старая деревня»). Из его истории сохранился лишь тот факт, что в древности посёлок назывался Идирос. На протяжении многих лет с гор на него обрушивались селевые потоки, образовывавшие многочисленные озёра и болота. Для предотвращения дальнейших разрушений и заболочивания в 1910 году государство при поддержке местных жителей начало строительство каменной стены, завершившееся в 1917 году. Сооружение протянулось вдоль горных склонов на 23 км. и выглядело как стена, опоясывающая горы, поэтому поселение получило новое название — Кемер, что в переводе с турецкого означает «пояс, ремень» [10]. Мұны қазақ тілінің сөздік қорындағы «кемер белдік», «кемер белбеу» тіркестерімен салыстыру артық емес. Осы ретте «кемерінен асу» тіркесін де ұмытпалық.

«Араб тіліндегі «қус кузах» тіркесінің алғашқы сыңары — «қустың» мағынасы — «иілген» немесе «доға сияқты» мағыналар береді» [2] немесе түсіндірме сөздіктегі «КЕМ-ПІРҚОСАҚ - жаңбырдың кейін күн сәулесінен пайда болатын доға тәріздес түрлі түсті, жарық жолақ» [8, 382] деген тұжырымдардан «доға» ұғымын алсақ, «иілген әшекей» тіркесін жасай аламыз.

Ал «... Иран тілінде әрбір иіліп жасалған зат атауының түбірі - кем, кеман - садақ; кемер:1) белбеу; 2) күмбез т. б. (В. Рад., Опыт..., II, 2, 1203, 1206) [2] дегендегі «садақ» қырғызша «радуга - күндүн жебеси» тәржімесін есімізге салады. Басқаша айтсақ, күннің жебесі – күннің сәулесі.

Салыстырмалы түрде қазаққа жақын әрі туыс тілдер – ноғай, қарақалпақ, құмық, қарашай, өзбек, татар тілдері болса, бұлардағы “кемпіркосақ” нұсқаларына қарап біраз ой түйе аламыз. Ноғай – “ямғыр”, қарақалпақ – “jamğ’ip”, “jawin”, құмық – “энемжая”, “сол-

танжяя”, “тенгрижяя”, қарашай – “тейри қғылыч”, өзбек – “камалак”, татар – “салават купере”. Түркінің оғыз бұтағы әзірбайжан – “göy qırşaqı», түркімен – «älemgoşaq» дейді. Сібір түріктерінен саха (якут) – «кустук» деп айтады [11].

Осы мысалдардағы қарашайдың «тәңірі қылышы», өзбектің «садағы/ жебесі» (камалак), сақа-якуттың «садағы/ жебесі» (кустук), татардың «салауат көпірі» мифтік-образды аяда бір-бірінен көп алшақ жатқан жоқ.

Енді кемпірқосақтың тек-тамыры бізден тіпті бөлек тілдердегі баламасын қарастырсақ, олардың мағынасы да түркі тілдерімен өте ұқсас болып шығады. Мысалы, немісше «der Regenbogen» – біріккен сөз. Біріншісі «жаңбырды» білдірсе, сыңары түрлі мағынаны береді. «Bogen m Biegung-дуга, Waffe-лук, Bauw-арка, Brücke-мост, Geige-смычок, mit dem ~ schießen-стрелять из лука, den ~ überspannen-перегнуть палку» [12, 108 б.].

Ал ағылшын тіліне келсек, «Rainbow» – радуга, Rain– жаңбыр, bow – садақ, музыка аспабындағы ішек, лента-жіп» [13, 69 б.] мағыналарын білдіретін біріккен сөз.

Француз тілі де кемпірқосақты «аспан», «садақ», «доға», «күмбез», «шымылдык» т.б. сөздер мағынасында таратады. Ол баламалар «радуга» - «arc en ciel» дегенді сөзбе-сөз тәржімелеу кезінде байқаймыз: «arc [avk] дуга – доға, арка, свод-күмбез, лук-садақ», «en [ã] предлог в, на, с, по, за, из, к, при», ciel [sjel] – небеса-көк, небо-аспан, рай-жұмақ, балдахин-шымылдык» [14] т.б. Орыс тіліндегі «радуга» сөзінің түбірі «радушие» - қуанышты көңіл-күйді білдірсе, «радужный» құбылмалы, ауыспалы түстер мәнін анықтайды.

Жоғарыда көрсетілген сөздерді, тіркестерді қайта түзсек, кемпірқосақ сөзіне қатысты: йәйғор – жаз маусымы, кемер – белбеу, күмбез, доға, жебе, құшақ – белбеу, әшекей т.б. бір-бірімен байланыстағы қисынды ұғымдар шығады. Мұның бәрі түркі дүниесіндегі, түркі-араб, түркі-парсы ықпалдастығы тілдік байланыс қабаттарынан мағлұмат береді.

Бұл мысалдан жасайтын тұжырым: әр тіл өз «кемпірқосағына» көркем сипат, ерекше мазмұн береді. Осы ретте қазақ тілінде де шебер суреттелген, сөздің мән-мағынасын ашқан еңбектер бар. Көк әлем ұғымдарын зерттеуші, ғалым-физик Хасен Әбішев 1966 жылы жарық көрген «Аспан сыры» еңбегінде кемпірқосаққа қатысты былай деп жазады:

«... Әсіресе, күн ашылғанда балалар қуанышты. - Кемпірқосақ, байлан, кемпірқосақ, байлан! - деп шулайды олар. - Кемпірқосақ десе дегендей. Ана Құттыкең қосқан қосағын қараңдаршы, бір жағына қарата иіліп кетіпті мүлде. - Өзін де сол қой қосағына ұқсатып айтқан ғой. Қайтсын, бейшара кемпірлердің тең тартып қосуға қолының әлі келіңкіремейді ғой» [15, 239 б.].

Осы тұста біз «байлан», «иіліп», «қой қосағы» сөздер мен тіркестерге қарап, тілімізде «кемпірқосақ» мағынасына ілгеріде де жіті мән берілгенін аңғарамыз. Ал жоғарыда сөз болған «қойды көгендеу» тіркесі мен төрт түлік малды байлаудың алуан түрлі әдісін Х. Әбішев ғылыми тұрғыдан терең зерделей отырып: «... әр мал үшін бұл әртүрлі – түйені матау, атты арқандау (тұсау, шідерлеу), қозыны көгендеу, қойды қосақтау, құлынды желілеу» [15, 239] деп жазады. Осылайша кемпірқосақтың қызыл ала, сары ала жолағы араластыра қосқан қой қосағын бейнелейтінін анықтайды.

**Қорытынды.** Қазақ тіліндегі «кемпірқосақ» сөзінің түп-төркіні түркі халықтары (анадолы түркі, башқұрт, қырғыз т.б.), араб-парсы тілдерімен астасып, мағынасына қарай «әшекейлі күмбез», «күн жебесі», «әшекейлі доға» сияқты тіркестермен мазмұндалады екен. Сондықтан түзілген тіркестерге қоса қазақша «күннің белбеуі», «күннің алқасы», «әшекейлі белбеу» мағынасындағы сөздердің дыбыстық өзгерістерге ұшырап, «кемпірқосақ» аталуына негіз болған деп айта аламыз. Сонымен бірге жоғарыдағы мысалдардан табиғат құбылысы түр-түрпатын бейнелеуде әлем тілдеріне ортақ сипат бары да айқындалады.

### Әдебиеттер тізімі

1 <http://el.kz/kz/news/archive/>

2 <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

- 3 Абдуллина Г.Р. Усечение производящей основы как регулярное морфонологическое явление в словообразовательной системе башкирского языка. // Вестник Томского государственного университета. Филология, 2014, № 2 (28). – с. 515.
- 4 Русско-киргизский словарь: 51000 слов / (ред. Юдахин К.). – Москва: Государственное издат. иностранных и национальных словарей, 1957. - с. 990.;  
[https://sahifa.tj/russko\\_kirgizskij.aspx](https://sahifa.tj/russko_kirgizskij.aspx)
- 5 Киргизско-русский словарь (около 40 000 слов) Кыргызча-орусча сөздүк / сост. К.К. Юдахин. – Москва: Советская энциклопедия, 1965. – с. 976.;  
[https://sahifa.tj/kirgizsko\\_ruskiy.aspx](https://sahifa.tj/kirgizsko_ruskiy.aspx)
- 6 <https://ru.glosbe.com/ru/ug/радуга>
